



Психологиялық қызмет туралы ереже

Психологиялық қызмет туралы ереже

Колледждің психологиялық қызметі туралы ереже

I. Жалпы ережелер

- 1.1 Бұл ереже колледждің психологиялық қызметінің ережесі мен ұйымдастыру құрылымын анықтайды.
- 1.2 Колледждің психологиялық қызметі – бұл білім алушылардың физикалық және психикалық денсаулығын қолдау мен тұлғаның дамуы үшін педагогикалық мақсатты шарттармен қамтамасыз ету, жеке тұлға болып қалыптасуына жәрдемдесу, тұлғаның қабілеттері мен икемділіктерінің дамуына және мүмкін болатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жұмыстанады. Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының әлеуметтік өмір сүру салтының қалыптасуына жәрдемдесу және психологиялық қолдау қызметін атқарады.
- 1.3 Психологиялық қызмет колледждің құрылымды бөлігі болып табыла отырып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады, білім беру мекемесінің психолого-педагогикалық саясатын қалыптастырады және оның құрылымды бөліктерінің жүзеге асуын үйлестіреді.
- 1.4 Психологиялық қызметте баланың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғау бағытындағы халықаралық және облыстық акттарына, ҚР Конституциясына, ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына, колледж Жарғысы мен осы ережеге жүгінеді.
- 1.5 Психологиялық қызмет колледждің әкімшілігімен, топ жетекшісімен, медициналық қызметкермен, білім алушылардың ата-аналарымен және олардың орындарын алмастыратын адамдармен және білім алушыларды тәрбиелеуде, дамытуда оқу ордасына көмектесетін қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.
- 1.6 Психологиялық қызметте білім алушылардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау, жалпыадамзаттық әдеп нормаларын, гуманистік принципін ұстанады.

II. Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері

2.1 Психологиялық қызметтің мақсаттары

Білім берушілік – білім алушыларға мамандығын алу үшін қажетті білім мен дағдыларды, мансапты дамытуда, өмірлік табыстарға жетуде көмектесу.

Әлеуметтік – білім алушыларға денсаулық жағдайын, қызығушылықтарын, қабілеттерін икемділіктерін ескеріп, өзінің мүмкіндіктерін анықтауына көмектесу. Өзгеге көмектесуге талпыну, мейірімділік, өзіне сенімділік, жауапкершілік, басқа тұлғаның еркіндігі мен құқықтарына нұқсан келтірмей белсенді әлеуметтік әсер ету қабілетіне тәрбиелеу.

Кәсіби – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының тұлғалық дамуы мен денсаулығын қорғау үшін психологиялық жағдаймен қамтамасыз ету және колледждің әлеуметтік жағдайының дамуына әсер ету.

2.2 Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Психологиялық қызметтің перспективалық бағыттарын өңдеу, колледж бөлімдерінде жүзеге асуын үйлестіру;
- Білім алушылардың тұлғалық және кәсіби дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Колледжде жағымды психологиялық климатты орнату;



Психологиялық қызмет туралы ереже

- Білім алушылардың потенциалды мүмкіндіктері, жекелей және психофизиологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер базасын қалыптастыру;
- Білім алушылардың тұлғалық және интеллектуалды ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін меңгеру тәсілдері мен мазмұнын бейімдеу мақсатындағы білім беру бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету;
- Білім алушылардың дамуындағы бұзылыстарды түзету мен алдын алу бағдарламасын жекелей және жүйелі-бағдарлы жүзеге асыру мен өңдеу;

III. Психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

3.1 Психологиялық диагностика

- білім алушының тұлғалық бейімділігі мен жекелей ерекшеліктерін анықтау, оның оқу мен тәрбиедегі, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы потенциалды мүмкіндіктерін анықтау;
- кәсіби және әлеуметтік бейімделудегі, дамудағы, оқудағы бұзылыс механизмдері мен себептерін анықтау;
- білім алушылардың «тәуекел тобын» бөлу және олардың мәліметтер базасын жасақтау;
- студенттердің психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білім ортасына сәйкес келуін анықтау;

Диагностикалық жұмысты мамандар топпен де бөлек білім алушымен де өткізеді.

3.2 Психологиялық профилактика (білім беру процесіне тартуды қолдау)

- білім алушылардың колледж жағдайына бейімделуі бойынша жұмыстар жүргізу, бейімделу кезінде жасөспірімдерге көмек көрсету бойынша педагогтарға, ата-аналарға нақты ұсынбалар беру;
- білім алушы тұлғасының жан-жақты, жағымды дамуына бағытталған, оқу-тәрбие процесіне қатысушылармен жекелей жұмыстың кешенді бағдарламаларын өңдеу;
- оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының қарым-қатынас формасын оңтайландыру арқылы колледж ұжымының ішінде жағымды психологиялық климат құрастыру;

3.3 Психологиялық түзету

- педагог қызметкерлермен біріге отырып, жастардың оқудағы, мотивациялық аймақтағы қиындықтарын, асоциалды мінез-құлықтарын психологиялық түзету;
- білім алушылардың өзін-өзі диагностикалауға, өзін-өзі түзетуге, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі дамытуға өмірлік басымдықтары мен құнды орнатылымдарды құрастыру;

3.4 Психологиялық кеңес беру

- білім алушыларға оқу, даму, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтаудағы, қоршаған ортамен өзара байланыстағы мәселелер бойынша кеңес беру;
- әкімшілікке, колледждің инженерлі-педагогикалық қызметкерлеріне, ата-аналарға жас ерекшелік психологиясы сұрақтары бойынша, педагогикалық ынтымақтастық бойынша кеңес беру;

3.5 Психологиялық ағарту

- әкімшіліктің, оқытушылардың, білім алушылардың және олардың ата-аналарының психологиялық мәдениеті мен психологиялық құзыреттілігін жоғарылату;
- педагогикалық қызметкерлерді білім алушылардың тұлғалық жас ерекшелік негізгі заңдылықтарымен таныстыру;
- оқу процесі субъектілерінің арасында психологиялық білімді насихаттау;

3.6 Әдістемелік-ұйымдастыру қызметі

- білім алушылардың жекелей ерекшеліктерін ескере отырып, жекелей түзету-дамыту бағдарламаларын өңдеу және психодиагностиканы жүргізу үшін әдістемелік материалдарды дайындау;
- білім алушылардың интеллектуалды және тұлғалық мүмкіндіктерін меңгеру тәсілдеріне бейімделу мақсатында білім беру бағдарламасын өңдеуге қатысу;



Психологиялық қызмет туралы ереже

- психолого-педагогикалық технологияларды, бағдарламаларды, іс-шараларды түзету, тиімділігін бағалау, талдау, өңдеу;
- өндірістік жиналыстарда, педагогикалық және әдістемелік кеңестерде сөз сөйлеуге талдау және болжамды материалдарды дайындау;

IV. Психологиялық қызметті ұйымдастыру

4.1 Психологтың қызметі еңбек келісімшарты мен біліктілік талаптарына қарай орындалады.

4.2 Психологиялық қызмет перспективалық және ағымдағы жоспарлар негізінде жүреді.

V. Психологтың құқығы, міндеттері мен жауапкершілігі.

5.1 Психолог құқылы

- Осы ережедегі психологиялық қызметтің барлығын жүзеге асыруға;
- оқу-тәрбие процесіндегі субъекттердің жұмыс түрлерін және нақты тапсырмаларын, формалары мен әдістерінің басым бағыттарын өздігімен құрастыру;
- өзінің кәсіби қызметіне қатысты колледждің құрылымды бөліктері туралы мәліметтерді алуға және сұратуға, колледждің құжаттарымен танысуға;
- маманның бар кәсіби құралдары мен біліктіліктері негізінде орындалуы мүмкін, оның жұмысы мен кәсіби-этикалық принциптеріне қарсы келмейтін колледж әкімшілігінің, жоғары тұрған білім беру органдарының бұйрықтарын орындауға;
- колледж студенттерінің білім алу перспективаларын қарастыратын, колледж комиссиялары мен әртүрлі орган жұмыстарына қатысуға;
- қажет жағдайда колледж әкімшілігі арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын қорғау мен көмек беру сұрақтарына байланысты медициналық, құқықтық және басқа да ұйымдарға байланысуға;
- колледж топтары мен студенттік және педагогикалық ұжымда әлеуметтік-психологиялық климатты жақсарту бойынша колледж әкімшілігіне ұсынба беруге;
- психодиагностикалық және психологиялық түзету жұмыс түрлерінің жаңа әдістерін апробациялау мен өңдеуге қатысуға, олардың тиімділігін бағалауға, өзінің жұмысын қорытындылау үшін ақпарат құралдарында айтуға;

5.2 Психолог міндетті

- қатаң түрде өзінің кәсіби құзыреттілігі шеңберінде шешім қабылдап, сұрақтарды қарауға;
- психологиялық ғылымның жаңа жетістіктерін білуге, диагностиканың, психологиялық түзету-дамытудың, психологиялық профилактикалық жұмыстың заманауи ғылыми негізделген әдістерін қолдануға; үнемі 5 жылдан кем емес өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;
- кәсіби дайындығы жоқ адамдарға диагностикалық, психологиялық түзету жұмыстарды жүргізуге кедергі болуға;
- барлық сұрақтарды шешуде тек студенттердің қызығушылықтары мен олардың толыққанды дамуынан шығуға;
- егер білім алушы мен оның айналасына залалы келетін болса, диагностикалық немесе түзету жұмысының нәтижесінен алынған мәліметті таратпай, кәсіби құпияны сақтауға;
- білім алушылардың тұлғалық мәселелерін шешуде жекелей үйлесім жасауына, толыққанды психологиялық дамуын қамтамасыз етуімен байланысты негізгі тапсырмаларды шешуде колледждің педагогикалық ұжымы мен әкімшілігіне қажетті көмек беруге;
- колледж әкімшілігінің сұранысы бойынша психолого-медико-педагогикалық кеңес беру үшін қажетті мәліметтерді дайындауға, жасөспірімдерді тәрбиелеудегі тартысты сұрақтарды қарастыруға қатысуға;
- білім алушылардың қызығушылықтарына байланысты басқа ведомоства мамандарымен ақпарат алмасуға;



Психологиялық қызмет туралы ереже

- барлық жұмыс түрлерін тіркеуге және жазуға;

5.3 Психолог жауапкершілігі

Психолог өзіне мынадай қызметтік жауапкершілік артады:

- Психологиялық қорытындының әділ болуы, қолданылатын диагностикалық және түзету әдістерінің адекваттылығы, ұсыныстардың негізділігі;
- Колледждің педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жекелей-психологиялық ерекшеліктері туралы жинақталған мәліметтердің құпиялылығы;
- Барлық жұмыс түрлерін қатаң түрде өзінің кәсіби біліктілігі аясында жүргізу;
- Білім алушылардың өзін-өзі анықтау, толыққанды дамуы үшін психологиялық жағдай жасау, тұлғаның дамуында мүмкін болатын бұзылыстарды уақытылы алдын алу;
- Құжаттарды уақытылы және дұрыс рәсімдеу, енгізу, сақтау;
- Психологтың этикалық кодекс ережесін сақтау, өзіне жүктелген лауазымдық міндет ережелерін орындау;

Колледждің педагогикалық кеңес отырысының 28.11.2018ж. №2 хаттамасында қарастырылған және бекітілген.